

культурно-развлекательных и массовых мероприятий. В целом, по прогнозам специалистов НК «EXPO-2017», за три месяца проведения выставку посетят около 2 млн. туристов и порядка 5 млн. посещений выставки отечественными и иностранными туристами.

В рамках организации «EXPO-2017» уже разработаны ряд туров, которые охватывают, практически, все регионы Казахстана и расположенные там Государственные национальные природные парки. Кроме того, осуществляется работа по увеличению количества средств размещения, способных предоставить качественные услуги, соответствующие мировым стандартам. Так, в период проведения выставки планируется вовлечь в процесс размещения гостей объекты размещения, находящиеся в близлежащих регионах, и тем самым, увеличить количество койко-мест дополнительно на 40 тыс. мест.

В заключении хотелось бы отметить, что организация и проведение Международной выставки «EXPO-2017» является для Казахстана одним из основных имиджевых мероприятий, который в будущем способен стать основным стимулирующим элементом развития внутреннего туризма. Кроме того, «EXPO-2017» является инструментом косвенной рекламы Казахстана в качестве туристской страны, т.е. проведение выставки может спровоцировать рост туристского потока в страну не только в период проведения выставки, но и после нее за счет постинформационной деятельности участников выставки.

Таким образом, проведение «EXPO-2017» может полноценно обеспечить вхождение Казахстана в ТОП-30 стран мира в рейтинге конкурентоспособности туризма и путешествии к 2020 году.

Литература

1. UNWTO Tourism Highlights, 2016 Edition. [URL:http://mkt.unwto.org/publication/unwto-tourism-highlights-2016-edition](http://mkt.unwto.org/publication/unwto-tourism-highlights-2016-edition).
2. Официальный сайт Комитета по статистике РК.
3. Официальный сайт АО «Фонд развития предпринимательства «Даму».
4. Концепция развития туристской отрасли Республики Казахстан до 2020 года Утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от 19 мая 2014 года № 508.
5. www.Expo2017astana.com.

Бекишев Қайыржан, б.ғ.к., профессор
(Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды)

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУ ТҰРАҚТЫ АРҚЫЛЫ БИОСФЕРАНЫ ҚОРҒАУ

Президентіміз Н.Ә. Назрбаевтың «Қазақстан - 2050» Стратегиясында, «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» мемлекеттік инфрақұрылымды дамыту бағдарламасында, «Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» - Ұлт жоспарында және жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдануында көрсетілген тапсырмаларды орындауға бағытталды.

Мемлекет басшысының бастаасымен қолға алынған экономикалық саясатты, мемлекеттік жаңа индустриаландыру бағдарламалары және өзге де дағдарысқа қарсы шаралар республикамыздың экономикасын дамытуда оң көрсеткіштерге қол жеткізуге жол ашты.

Биосфераның ластануы - адамның іс-әрекетінің нәтижесінде биосферада зиянды заттар мөлшерінің көбеюі, жаңа химиялық қосылыстардың пайда болуы, температураның көтерілуінен климаттың өзгеруі. Негізгі себептері: өнеркәсіптің (энергетика, транспорт, т.б.) тез қарқынмен дамуы, ауылшаруашылығы мен күнделікті тұрмыста химиялық

жетістіктерін кеңінен пайдалану, халық санының өсуі және урбанизациялану (қалалардың өсуі).

Биосферада жыл сайын түзілетін жүздеген мың тонна әртүрлі жаңа химиялық қосылыстардың көпшілігі биологиялық және физиологиялық жолмен ыдырамайды. Биосферада ыдырамайтын заттардың шамадан артық жинақталуынан (мысалы, пестицидтер, полихлордифенилдер, т.б.) және табиғи ыдырау механизмдері немесе сіңіру қабілеті бар заттардың әсерінен (тыңайтқыштар, ауыр металдар, т.б.) табиғи жүйелер мен олардың биосферадағы байланыстары бұзылады. Биосферадағы зат айналымына бірнеше млн. т хлорорганикалық қосылыстарды енгізу, бір жағынан, жануарлардың (әсіресе, балықтар мен құстардың) көптеген түрлерінің жойылуына, ежелден қалыптасқан трофикалық тізбектердің үзілуіне, соның нәтижесінде биоценоздардың бұзылуына әкелсе, екінші жағынан, ұсақ жәндіктер мен микроорганизмдердің (космополит организмдердің) шамадан тыс көбеюіне соқтырды. Ағаш және қазба отындарды (тас көмір, мұнай) негізгі қуат көзі ретінде пайдалану атмосфераның зиянды газдармен және шаң-тозаңмен ластануының басты көзі болып табылады.

Биосфера ластануының тағы бір қауіпті де қатерлі көзі – қоршаған ортада радиоактивті қалдықтардың жинақталуы және АЭС апаттары.

Экология проблемаларының артуы және шиеленісуі, олардың жаһандық экологиялық дағдарыста бірігуі – осының барлығы ғалымдарды қоршаған ортаның бұзылу себептерін зерделеумен және ол мәселелерді шешу жолдарын іздеумен тығыз айналысуға мәжбүр етті.

Берілген проблема бойынша аса маңызды жұмыстар 1968ж. экология проблемаларын талқылау үшін ұйымдастырылған Рим клубы (РК) қызметінің нәтижесінде пайда болды.

РК бірінші баяндамасы («Өсу шегі, 1972ж.») Денис Медоуздың басшылығымен Массачусет технологиялық университетінің бір топ ғалымдары дайындады. Берілген баяндаманың тұжырымы: егер халықтың, индустрияландырудың, азық-түлік өндірісінің және табиғи ресурстарды пайдаланудың осы өсу қарқыны сақталса, Жердегі өсу шекаралары келесі 100 жылда шегіне жетеді. Егер осылай болса, халықтың саны және шаруашылықтың даму мүмкіндігі азаяды; РК екінші баяндамасының авторлары (1974ж., М.Мисарович, Э.Пастель) мынадай тұжырымға келді:

- әлемді гомогенді тұтас ретінде емес, өзара байланысқан бөліктерден тұратын ретінде қарастыру керек;

- әлемдік жүйедегі апаттарды жаһандық масштабта шаралар қабылдаумен тоқтатуға болады;

- проблемаларды жаһандық шешуді теңестірілген дифференциацияланған өсу арқылы жүзеге асыруға болады;

- экологиялық дағдарыс проблемаларын шешудің әлемдік стратегиясын іске асыруды кейінге қалдыру тек қауіпті және қымбат қана емес, сонымен бірге, өлімге әкеледі.

Қазіргі таңда дүниежүзінің көптеген елдері жасыл экономика принципін қабылдаған. Осы мемлекеттердің экономикалық даму саясаты өнеркәсіптік өндіріс өсімін оңтайландыруға және қоршаған ортаға үнемді көзқарасқа негізделеді. 2013 жылдың 1 маусымында Қазақстан Президенті Н.Назарбаев Қазақстан Республикасы «жасыл экономикаға» өту Тұжырымдамасы жөніндегі Жарлыққа қол қойды. UNEP анықтамасы бойынша Жасыл экономика – бұл жердің табиғи капиталын құратын және арттыратын немесе экологиялық қауіптер мен тәуекелдерді азайтатын салалар;

БҰҰ анықтамасы бойынша Жасыл экономика – бұл экономикалық тәуекелдер мен табиғи ресурстар тапшылығын қысқартатын және халықтың тұрмыстық игілігін жақсартып, әлеуметтік теңдікке алып келетін экономика;

Жасыл экономика – бұл адам өмірінің ұдайы өндірісіне қажетті табиғи негізді бұзбайтын, биосфераның шаруашылық сыйымдылығы шеңберінде дамитын экономика. Сонымен бірге, жасыл экономика халықтың жоғары тұрмыс деңгейі мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланумен сипатталатын экономика болып табылады. Бұл

экономикалық модель ХХІ ғасырдағы елдердің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін маңызды құралдардың бірі ретінде танылып отыр.

Жасыл экономиканың артықшылықтары:

- бүкіл әлемде күн батареяларын қолдану мүмкіндіктері;
- газбен жұмыс жасайтын жолаушылар тасымалын ұйымдастырушы көліктерді енгізу;- қайта өңдейтін зауыттар салуды арттыру;
- климаттың өзгеруі жағдайында қолданылатын асфальтбетондық технологияларды қолдану;
- қоршаған ортаға зиянсыз эко жеңіл көліктерді пайдалану мүмкіндігі;
- кәріз қалдықтарын қайта пайдалану қажеттілігі және т.б.

Қазақстанда «жасыл экономика» бағдарламасы бойынша жұмыстар үш негізгі кезеңде жүргізіледі:

Бірінші кезеңде 2013-2020 жылдары – мемлекеттің негізгі басымдығы ресурстарды тиімді пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау қызметінің тиімділігін арттыру, сол сияқты «жасыл» инфрақұрылым құру болады.

Екінші кезең барысында 2020-2030 жылдары қалыптасқан «жасыл» инфрақұрылым негізінде суды үнемдеп пайдалану, қалпына келетін энергетиканы дамытуды ынталандыру мен кеңінен енгізуді қолдау, энергетикалық тиімділіктің жоғары стандарттары негізінде құрылыс жүргізуге бағытталған ұлттық экономиканы бетбұрыстандыру жүргізіледі.

Үшінші кезеңде 2030-2050 жылдары ұлттық экономиканы «үшінші өнеркәсіптік төңкеріс» қағидасына көшіру қарастырылған. Ол табиғи ресурстарды олардың жаңартылу мен тұрақтылық негізінде қолданылуын пайымдайды. Тұжырымдама бойынша «жасыл экономикаға» көшу шаралары мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады: су ресурстарын тұрақты пайдалану, тұрақты және жоғары өнімді ауылшаруашылығын дамыту, энергияны үнемдеу мен энергетикалық тиімділікті арттыру, қалдықтарды басқару жүйесі, ауаны ластауды азайту, экожүйелерді тиімді басқару.

«Жасыл» экономика кедей елдердің дамуына және бай елдердегі кедейлердің қысқаруына ықпал етеді. Халықаралық сарапшылардың пікірінше, мемлекет «жасыл» экономикаға көшуде мынадай міндеттерді шешуі тиіс:

- экологиялық салықтарды енгізу;
- «қоңыр» өнеркәсіп үшін мемлекеттік субсидияларды азайтып, экологиялық талаптарды күшейту; «Қоңыр» өнеркәсіп қазіргі күнгі дәстүрлі яғни ресурстарды ысыраппен пайдалануды, өндірісте көміртектің көп пайдаланылуын білдіреді.
- «жасыл» өнеркәсіпке мемлекеттік инвестициялар жасау;
- жаңа «жасыл» технологияларды трансферттеу мен енгізу.

«Жасыл» экономикаға өткен елдерден мысал келтіретін болсақ: Оңтүстік Корея «жасыл өсімді» ұлттық стратегия ретінде қабылдаған алғашқы ел болып отыр. Бұл стратегия шеңберінде негізінен үш элементке баса назар аударылады, олар өнеркәсіп, энергетика және инвестиция. Энергетикалық және басқа да ресурстарды минималды пайдалана отырып, өндірістік экономикалық қызмет ауқымын сақтау, қоршаған ортаға қысым жасауды минимумға жеткізу, инвестицияны табиғатты қорғау және экономикалық өсудің қозғаушы күшіне айналдыру мақсаттары қарастырылған.

Швеция 2020 жылға қарай мұнай, көмір және газдан бас тартып, қалпына келуші ресурстар энергиясына көшуді жоспарлап отыр.

Бразилия көліктің 80% қант қамыстарынан жасалған биоотынға көшіруді жоспарлауда. Тайвань күн батареяларын белсенді пайдаланып отыр. Жапония «Төмен көміртекті қоғам бағдарламасын» қабылдап, көміртектің шығарылымының төменгі деңгейін белгілеген.

БҰҰ сарапшылары Қазақстанда «жасыл» экономиканы енгізу үшін бес маңызды секторды атап көрсетті:

- энергия (электр энергиясы, жылу, мұнай және газ) – Мұнайгаз секторы Қазақстанның маңызды саласы болып қалып отыр. Ол ЖҰӨ 30% мен экспорттың 60% құрайды. Қазақстан «жасыл» экономикаға көшу үшін мұнайгаз секторына бірыңғай сенім артудан біртіндеп арылуы тиіс;

- Су – Қазақстан 2018 жылға қарай су тұтыну көлемін қысқартуды басыңқы бағыттардың бірі ретінде қарастырып отыр. Сонымен бірге, таза ауыз су тапшылығын елдегі халықтың 20% сезініп отыр, кейде су сапасы нормативтік талаптарға сай келмейді. Сумен қамсыздандыру ЖҰӨ 2% ғана құрайды;

- Қалдықтар. Қалдықтарды қайтара өңдеу бар болғаны 20%. Үкімет 2020 жылға қарай қалдықтарды утилизациялауды 70% жеткізуді жоспарлап отыр. Қазіргі күні Қазақстан қауіпті қалдықтарды жинақтаудан Шығыс Еуропа мен ТМД елдерінің арасында екінші орында болып табылады.

- Ауылшаруашылығы, балық аулау және орман шаруашылығы. Аталған сектор көшет газдарының шығарылымының 10% құрайды. Ауылшаруашылығы ұлттық ЖҰӨ 5% мен экспорттың 2% құрайды. Қазақстан үшін бидай өсіру мен оны экспорттау ісі басыңқы болып қала береді, себебі біздің еліміз бидай экспорттаушы әлемдік бестікке енеді.

- Көлік. Қазақстандағы тасымалдаудың басым бөлігі дизель/бензинге тиісті. Ол ең алдымен ауаны ластауға әсерін тигізеді. Тасымалдау секторы Қазақстанның ЖҰӨ 8% береді, сондықтан да елдің көлік әлеуетін арттыру маңызды болып табылады. Осылайша, «жасыл» экономика ұлттық экономиканың баюымен қатар, ЖҰӨ өсу қарқынын жылдамдатады. Ол кедейшілікті жою мен экологиялық ресурстарды сақтау арасындағы байланысты орнатады. Экологиялық экономика жаңа жұмыс орындарының құрылуына ықпал етеді. Мұндай қоғамда жаппай өндіру болмайды және табиғи ресурстарды пайдалану қысқарады. Табиғи ресурстардың орнына «Жасыл Нано» технологиясы қолданылады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына „Қазақстан — 2050“ Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы. -Астана, 14 желтоқсан, 2012 ж.

2. ҚР Президентінің баспасөз қызметінің мәлімдемесі. Париж, 22 қараша, 2012 жыл.

3. Қазақстан республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілігі».

**Көмекбаева Л.С., э.ғ.к., доцент (Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Орынбасарова Е.Д., PhD., доцент (Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)**

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫНЫҢ НӘТИЖЕЛІЛІГІН БАҒАЛАУ

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған уақыттан бастап мемлекет саясаты әлемдік экономикаға Қазақстанды интеграциялауға және нарықтық механизмдерді дамытуға бағытталды. Мемлекетке елдің барлық экономикалық жүйесін модернизациялау мәселесін шешу, нарықтық экономика негіздерін меңгеру қажет болды. Сол уақытта мемлекет саясатының басты бағыты жеке меншік институтын нарықтық қатынастардың негізгі бөлігі ретінде қалыптастыру қажеттігі туындады. Мемлекет қойылған мақсатқа жету үшін мемлекеттік меншікті жекешелендіруді негіз етті.

Қазіргі уақытта мемлекеттік меншікті басқару шеңберінде қолданылатын келесі құралдарды атап өтуге болады [1]:

- экономикалық қатынастарға жарғылық капиталында мемлекет үлесі бар заңды тұлғаларды құру арқылы мемлекеттің белсенді және тікелей араласуы. Елдің